



ӘОЖ 343.359 (574)

**Арыстанбаев Б.,
Дайрабаева Г.М.**

**ҚР ЕКІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ
БАНКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

*В этой статье рассматривается
правовое регулирование деятельности
банков второго уровня.*

*This article deals with right regulation
activity of banks of second level.*

Нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының банк жүйесі ұлттық экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда ең маңызды әрі динамикалық құрылымы болып табылады.

Осыған байланысты болашақ банк мамандары үшін әрі кетсе, барлық экономистер үшін банк сияқты экономикалық санат жөнінде ғылыми түсініктер алу, оның маңыздылығы, жұмыс істеу ерекшеліктерін ұғу керекті нәрсе. Қазіргі таңда, коммерциялық банктер ел экономикасының ең маңызды және негізгі салаларын несиелей отырып, экономикалық өсу мен дамуға өлшеусіз үлес қосуда. Сонымен қатар, коммерциялық банктер экономика үшін маңызы зор – кіші кәсіпкерлік субъектілерінің ашылуына, халыққа сапалы қызмет пен өнім түрлерін ұсына алуға да ерекше үлес қосады [1.5].

Екінші деңгейлі банктердің банктік несиелері экономиканың негізгі салаларын несиелей отырып, халық шаруашылығының барлық салаларының дамуын ынталандыруға әсер етеді. Екінші деңгейлі банктер әртүрлі коммерциялық қызметтер көрсете отырып, Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына, кіші кәсіпкерлік субъектілерін, ауыл шаруашылығын және әртүрлі экономикалық секторларын несиелеуіне тікелей әсер етеді. Кез-келген елдің қаржылық жүйесінде коммерциялық банк негізгі несиелеу мекемесі ретінде саналып, халық шаруашылығы мен өндірісті дамытуға өз үлестерін қосады.

Банктердің банктік несиелері ел экономикасын тұрақтандыруға, кіші және орта кәсіпкерлікті дамытуға, өндіріс көлемінің артуы мен экономиканың дамуына өте зор ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономика талабына сәйкес банк жүйесі қалыптасты. Бәсекелестік ортада банктер жүйелі қызмет атқару үшін бөлшектік банктік қызметті қалыпты жүргізу, салымдар көлемін кеңейту, клиентке қызмет көрсетудің материалдық-техникалық базасын кеңейту мәселелерін қарастыруда. Нарық талабын орындай алмаған банктер таратылды. Ал қалыпты қызмет атқарушы банктер тұрақты ресурстық базасын қалыптастырып, тартылған қаржыларды орналастырып, нарықтық экономиканың табыс көздерін іздестіруде.

Сән қилы сыннан өткен банктер бәсекелестік ортада клиентура базасын кеңейтуде. Сол себепті заңды және жеке тұлғаларға көрсетілетін



банктік қызмет көлемін кеңейту, клиент қызығушылығын таба білу, есеп айырысудың жаңа нысандарын енгізу банктің басты басқарушылық жоспары болып табылады. Қазіргі таңда күнделікті жүз мыңнан аса аймақаралық төлемдер жүргізіледі, және банктер қоғамдық көзқарасқа негізделі қызмет етеді.

Коммерциялық банк дегеніміз – ақша қаражаттарымен болатын операцияларды, сондай-ақ, оған заңмен жүктелген басқа да банк операцияларын жүргізу арқылы табыс табуды көздейтін мекеме. Коммерциялық банктер банк жүйесінің екінші деңгейіне жатады. Олар банк туралы заңдарда коммерциялық банк атауына біріктірілген коммерциялық, кооперативтік және жеке меншік банктер [2.10].

Жалпы қазіргі шетел тәжірибесінде банктер өздері көрсететін қызметтің сипатына қарай классификацияланады. Осы принцип бойынша кредит жүйесінің маңызды үш элементін айтуға болады:

Орталық эмиссиялық банк; Коммерциялық банк; Арнайы қаржылық мекемелер (сақтандыру, ипотекалық, жинақ).

Банктердің атқаратын негізгі операцияларына мыналар жатады:

1. депозит қабылдау;
2. ақша төлемін және есептесуді іске асыру;
3. несие беру.

Коммерциялық банктер кредиттік, есептік және қаржылық операциялардың барлық түрлерімен айналысады. Банкілік операциялар клиенттердің мүдделерін қорғау үшін жүргізіледі. Олар активті, пассивті және комиссиялық болады.

Активті операциялар – бұл пайда табу және айналымға жіберу мақсатында қаржылық ресурстарды орналастыру.

Пассивті операциялар – бұл өз шоттарына ақша ресурстарын тарту.

Комиссиялық операциялар – клиенттердің тапсырмасын белгілі бір ақы үшін орындау.

Банкілік операциялардың түрлері:

1. Жеке және заңды тұлғалардан депозит қабылдау.
2. Банкілік корреспонденттік шоттарды ашу.
3. Кассалық операциялар.
4. Аудармалы операциялар.
5. Есептеу операциялар.
6. Ссудалық операциялар.
7. Сенімділік операциялары.
8. Сейфтік операциялар.
9. Ломбардтық операциялар.
10. Шетел валютасын ауыстыру операциялары.
11. Төлем карточкаларын шығару.
12. Жеке және заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша есеп жасау.
13. Банкноттарды, монеталарды және басқа да құндылықтарды қайта жіберу және инкассациялау.

Коммерциялық банктердің кредиттік операциялары.

Кредит дегеніміз жеке және заңды тұлғалар арасында болатын, қайтарып берілуі, ақылы болуы және мерзімділігі анықталған ақша және вексельдердің құнын тапсыру кезінде пайда болатын экономикалық қатынастар. Банкілік кредиттердің мынадай ерекшеліктері бар:

1. Құқықтық қатынастар арнайы субъектілер құрамымен сипатталады: несие беруші – банк немесе несиелік мекеме болуы керек;

2. Коммерциялық банктер беретін несие тек ақшалай формада болады;

3. Коммерциялық банктер мен клиенттер арасында жасалатын несиелік шарттардың ерекшеліктері – олардың қайтарылатындығында.

Банкілік кредиттеудің негізгі принциптері:

1. Қайтарылатындығы;
2. Мерзімділігі;
3. Ақылылығы;
4. Қамтамасыз етілуі;

Нысаналы мақсатының болуы Қазіргі таңда банкоматтармен қатар, есеп айырысудың электрондық әдісі, төлемдердің «Ноте-Банкинг» қызметі арқылы банктік қызметті үйде тұтынуға болады.



Бұл жүйенің бастамасы 1982 жылы Nottingham Building Society құрылыс компаниясымен Шотландия банкі және британдық байланыс компаниясының Homeline жүйесін енгізуден басталады. Осы жүйені қолдану арқылы клиент банкке келмей-ақ банктік қызметтерді тұтынады, яғни;

Төлем құжаттарын электронды түрде ұсынады;

Шоты бойынша жүргізілген операциялар анықтамасын алады;

Банктен анықтамалық ақпараттарды алады;

Кәсіпорын-банк жүйесі арқылы операциялар орындайды;

Бұл жүйе Қазақстанға 2007 жылдан бастап енгізілді. Санаулы банктер бұл жүйенің қызметін тұтытуда. «Номе-Банкинг» жүйесінде сақтық әдісіне терең көңіл бөлінген.

Ең көп есеп айырысу-кассалық бөлім Халық Банкінде. Ол жерде есеп айырысу-кассалық бөлімінің қызметкерлерінің біліктілігін көтеру мақсатында курстық оқытулар жүргізеді. Есеп айырысу-кассалық бөлімінде ең ауқымды операцияның бірі төлем картасы бойынша жүргізілетін операциялар болып табылады. Банктің стратегиялық мақсаты сенімділікті сақтай білу болып табылады, яғни клиент алдындағы міндеттерін орындай білуі керек ол үшін банктің басқару жүйесі терең қарастырылуы керек, банктік ұсынылған өнімді жоғарғы дәрежеде бағалау үшін маркетингтік зеттеулер жүргізілуі тиіс. Банктер жеке клиенттер алдында «қарапайым», корпоративті клиенттер алдында респектабельді және де мемлекеттің тірегі, халықаралық деңгейде танымал болуға ұмтылуы тиіс [3.6].

Банктік қызмет көрсету жүйесінің алдағы уақытта дамуы жөнінде батыс елінің экономистерінің айтуы бойынша болашақта банк жүйесінің дамуында елеулі өзгерістер болады. Барлық банктік қызметтер интернеттік жүйе арқылы орындалады, яғни миллиондаған қызметкерлер жұмыстарын үйінде орындай алады. Офистердегі орындар босап, әкімшілік мекемелердің қажеттілігі азаяды, осы кезекте еңбек өнімділігі 4 есе өседі, кәсіпорындар шығыны азаяды деген тұжырымдар бар.

Жалпы алғанда қазастандық банктердің қызметі жүйелі түрде дамуда, есеп айырысу-кассалық бөлімінде клиенттерге қызмет көрсету бойынша операциялардың аса көптеген түрлері жүргізіледі. Егер осы қарқынмен банк жүйесі дамыса, келер шақта зор жетістіктерге жетуімізге сенімдімін.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Банктер және банктік қызмет туралы» Заңы 31. 08. 19995. №2444 (өзгерістер мен толықтыруларды қоса 25. 04. 2001. №179-II);
2. Қазақстан Республикасының «Ақша төлемдері мен аударулары туралы» Заңы 29. 06. 1998. №237-I (өзгерістер мен толықтыруларды қоса 29. 03. 2000. №42-II);
3. Ұлттық Банктің Қаулысы «екінші деңгейлі банктердің меншікті капиталының минималды мөлшері» 02. 06. 2001. №192.